Байгулина Эльмедира Аркабаевнаның 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярланған «Кәсіби-бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – болашақ мамандардың кәсіби-бағытталған шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналады. Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту, халықаралық білім беру кеңістігіне кіру және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау талаптарымен тығыз байланысты.

Ізденуші ғылыми зерттеу жұмысында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық, әдіснамалық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеген. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне терең талдау беру арқылы зерттеп отырған проблеманың көкейкестілігін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеген.

Зерттеу барысында автор бірқатар нәтижеге қол жеткізген:

– отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу проблемасы аясында орындалған зерттеу еңбектеріне талдау бере отырып, «Болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұнын және құрылымын нақтылаған, кәсіби бағыттап оқыту барысында оны қалыптастыру процесінің өзіндік ерекшеліктерін айқындаған;

– кәсіби-бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру моделін ұсынған және оны ғылыми тұрғыда негіздеп, практикалық тиімділігін тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерістен өткізген. Модельдің тиімділігі сол, ол өзара байланысты блоктар (мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік) арқылы жүзеге асырылған;

– Болашақ биологтардың кәсіби-бағытталған оқыту барысында шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру процесінің

Сканировано с CamScanner

тиімділігін қамтамасыздандыратын лингводидактикалық шарттарды анықтаған. Бұл шарттар ізденушіге кәсіби-бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған және пәнаралық байланыстарға негізделген «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешенін, соның негізінде авторлық оқу құралын және оларды оқу процесіне ендіру әдістемесін ұсынады, тиімділігін тәжірибелі – эксперимент барысында кезең-кезеңімен (*танымдық-бейімделу кезеңі*, *операциялық-модельдеу кезеңі, функционалдық-қолданбалы кезең*) жүргізілген жұмыс нәтижесі арқылы дәлелдейді.

Ізденушінің ұсынған моделі мен әдістемесі болашақ биологтардың кәсіби даярлығын жетілдіруге, олардың шетел тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруіне, ғылыми ақпаратпен жұмыс жасауына және халықаралық ғылыми ортада еркін әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Диссертацияда болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған критерийлер, дескрипторлар мен деңгейлер жүйесі ұсынылған және лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер негізінде кешенді бағалау жүзеге асырылған. Бұл зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен тиімділігін қамтамасыздандырады.

Кезең-кезеңімен (танымдық-бейімделу кезеңі, операциялық-модельдеу кезеңі, функционалдық-қолданбалы кезең) ұйымдастырылған және олардың нәтижелері кәсіби-бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің практикалық мәні өте жоғары, себебі, автордың тәжірибелі-эксперимент барысында тиімділігі дәлелденген «Коммуникативтік практикум» элективті курсы бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешені, соның негізінде құрылған оқу құралы, тапсырмалар жүйесі мен әдістемелік нұсқаулары бірқатар жоғары оқу орындарында пайдаланылуда. Бұл еңбектерді мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында да пайдалануға болады.

Диссертацияның жүйелі бірізділікте құрылған мазмұны, ғылыми аппараты, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелері, тәжірибелі-эксперимент барысында тиімділігі дәлелденген оқу-әдістемелік кешендері мен оқу құралы ізденушінің зерттеу мәселесін терең меңгергенін, ғылыми ізденіс мәдениеті мен зерттеушілік қабілетінің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Сканировано с CamScanner

Ізденушінің зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми басылымдарда жарияланып, ғылыми қауымдастық тарапынан оң бағасын алған. Диссертация тақырыбы бойынша ізденушінің 11 ғылыми еңбегі жарық көрген. Олардың қатарында Scopus дерекқорына енген халықаралық журналдағы мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалар, Халықаралық ғылыми конференциялар материалдары және авторлық оқу құралы бар. Бұл еңбектер зерттеу жұмысының ғылыми құндылығы мен практикалық маңызын айғақтайды

Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, сауатты қазақ тілінде жазылған, мазмұны жүйелі, теориялық тұжырымдары мен тәжірибелік нәтижелері дәлелді негізделген.

Э.А. Байгулинаның 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярланған «Кәсіби-бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының докторы,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚжӘТУ профессоры К.А.Узакбаева

Сканировано с CamScanner